

Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәржесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ШҚІР

Диссертация қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерін зерттеуге арналған. Қазақ тіл білімінде баспасөз мәтіндерінің тілі жан-жақты зерттелгенімен, теледидар мәтіндері көп қарастырылмаған. Теледидар тіліне қатысты бірен-саран зерттеулер оның прагматикалық және стилистикалық жағын зерттеген. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста балаларға арналған телебағдарламалардың мәтіндері лингвокогнитивтік аспектіде алғаш рет арнайы зерттеліп отыр.

Зерттеуде диссертант балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерінің когнитивтік модельдер мен концептілер жүйесін айқындап алдына қойған мақсатын орындаған.

Диссертацияның «Медиамәтіндерді лингвистикалық тұрғыда зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауында медиалингвистика саласының қалыптасуы мен дамуы, зерттеу нысаны мен проблемалары айқындалып, медиамәтін ұғымына байланысты зерттеуші ғалымдардың теориялық тұжырымдары сараланған. Диссертацияда алғаш рет қазақ тіліндегі балаларға арналған медиамәтіндер қазіргі ғылыми парадигмалар аясында қарастырылып, лингвокогнитивтік және концептуалдық деңгейлер негізінде зерттеледі. Зерттеу барысында балаларға арналған медиамәтіндердің түрлері сараланып, жанрлық-тақырыптық топтары, тілдік ерекшеліктері айқындалған, телебағдарлама мәтіндеріндегі символдар, концептуалды метафоралар, тұрақты тіркестер сияқты когнитивтік бірліктердің тілдік көрінісіне талдау жасалған. Зерттеу жұмысында алғаш рет балаларға арналған телебағдарламалар мәтініндегі «балалық шақ», «туған жер», «достық», концептілерінің когнитивтік моделі құрылып, медиамәтіндерінің ұлттың рухани, мәдени коды ретіндегі сипаты ашылған.

Диссертацияда көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуде диссертанттың жеке үлесі ретінде мыналарды атауға болады:

– тіл біліміндегі «медиамәтін» ұғымын зерттеуге бағытталған теориялық тұжырымдарды саралап, медиамәтіндерді антропоэекті парадигма аясында когнитивті аспектіде қарастырудың әдіснамалық негіздерін айқындауы;

– балаларға арналған медиамәтіндердің тақырыптық-мазмұндық, жанрлық классификациясын жасау, тілдік ерекшеліктерін дәйектеуі;

– телебағдарлама мәтіндеріндегі тұрақты тіркестер, концептуалды метафоралар сияқты когнитивтік бірліктердің когнитивтік-концептілік талдауы;


– медиамәтіндердегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін «туған жер», «достық», «балалық шақ» концептілерінің метафоралық модельдерін құру, медиакеңістіктегі концептуалдық мазмұнын анықтауы.


Диссертацияның құрылымы жүйелі, тараулар арасында логикалық байланыс сақталған. Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер қазақ тіл біліміндегі медиалингвистика, когнитивтік лингвистика, мәтін лингвистикасы бағыттарының теориялық тұрғыдан жаңа тұжырым, түйіндермен толығуына септігін тигізеді.

Диссертация ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, Білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен, Акабаева Мадина Отановнаны «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәржесін алу үшін дайындалған зерттеу еңбегі үшін 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші,

Филология ғылымдарының докторы,

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ профессор м.а.  Абикенова Г.Т.



инспектор ОНПГ

